

ӘОЖ 81

ҒТАХР 16.31.02

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.1.76.010>

ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАҒЫ «МІНӘЖАТ» КОНЦЕПТІСІНІҢ РУХАНИ АКСИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙНЕСІ

Жиренов С.А. ¹, *Кенжебаева У.Е. ²

¹, ²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

Андатпа. Мақалада тілдік қолданыстағы «Мінәжат» концептісінің рухани аксиологиялық бейнесі қарастырылып, оның лингвопрагматикалық, лингвомәдени аспектілері айқындалады.

Зерттеудің мақсаты: мінәжат мәнді мәтіндерді талдау арқылы адамның қандай құндылықтарға сүйеніп ғибадат ететінін көрсету арқылы «мінәжат» концептісінің рухани аксиологиялық бейнесін анықтау.

«Мінәжат» концептісіне қатысты мәтіндердегі тілдік бірліктерді талдаудың барысында нақты бір ұлтқа тән әлем бейнесінің ерекшеліктерін айқындауда бақылау мен бағалау, жинақтау, жүйелеу, сипаттау, талдау, саралау және жалпылау тәрізді жалпы ғылыми әдістермен қатар дистрибуциялық талдау, концептілік талдау, формалды тілдік талдау, тілдік аналогия жасау, тілдік модельдеу әдісі сияқты лингвистиканың өзіндік әдістері мен тәсілдері қолданылды. Бұл ретте бағалау мен фреймдік талдау әдістерінің көмегімен «мінәжат» концептісіне тән құндылықтар анықталып, оның рухани аксиологиялық бейнесінің концептуалдық схемасы жасалды.

Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісіне қатысты мәтіндердің негізінде ғибадат ету мен рухани құлшылықтың тілдік танымдық сипаты қарастырылады. Сол арқылы мінәжатқа негізделген мәтін авторының көзқарасы мен қазақ халқының дүниетанымы, мәдениеті, ділі мен діні туралы бірқатар ақпарат лингвокогнитивтік және лингвоаксиологиялық аспектіде зерттеледі.

Алғаш рет зерттеу барысында тілдік бірліктерді талдаудан алынған концептуалдық схеманың негізінде мінәжат концептісінің құндылықтық тұрғыдағы анықтамасы беріледі.

Зерттеудің практикалық мәні: лингвист ғалымдар, дінтанушылар мен психолог мамандар, тіл білімі саласында білім алып жүрген студенттер өз зерттеулерінде мақалада қолданылған зерттеу әдістері мен тактикаға жүгініп, әртүрлі концептілердің рухани-аксиологиялық бейнесін толығырақ ашып, олардың құндылықтық тұрғыдағы анықтамасын айқындап, тілдік бірліктердің суггестикалық әлеуетін бағалауға мүмкіндік алады.

Тірек сөздер: мінәжат, концепт, тіл, мәдениет, құндылық, аксиологиялық бейне, этнос, суггестия

Кіріспе

Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісінде адамзаттың ерте замандардан бастап күні бүгінге дейінгі ғаламды тануы мен бағалауының негізінде қалыптасқан наным-сенімдері, дүниеге деген рухани көзқарасы мен сезімдері бедерленген. Дүние болмысы мен ғаламның әралуан құбылыстарын бағалауға қатысты қалыптасқан «мінәжат ету» дәстүрі адамзат баласы жаралғалы бері бар құбылыс. Дүние болмысы мен әралуан жаратылыстарға қатысты мінәжат ету үлгілері негізінен тілдік әрекет арқылы (жалбарыну, құлшылық ету, ғибадат ету, табыну, шүкірлік ету, тілек, дұға жасау, өтініш, сұрау, т.б.) жүзеге асады және арнайы рәсімдер (имамға ұю, намазға жығылу, құбылаға бет бұру, киелі жерлерге сапарлау, т.б.) арқылы іске асады (заттанады). Мінәжат формаларына қатысты әлем халықтарының алуан түрлі рухани-моральдық құндылықтары (сенім, үміт, жанашырлық, мейрімділік, бой ұсынғыштық, ризашылық, имандылық, төзімділік және т.б.) тіл арқылы беріліп, көптеген тілдік мәтіндердің қалыптасуына тірек болады.

Тілдік мәтіндердің туындауына мінәжат ету формалары қаншалықты ықпал етсе, мінәжат үлгісі соншалықты концептілік сипатқа ие. «Концепт индивид санасында сәулеленген сезімдік-заттық образдың (перцептивті модус) негізінде туындағандықтан, концепттің негізінде сезімдік тәжірибе жатады» деген тұжырымға сәйкес таныс та бейтаныс, белгілі де белгісіз құбылыстарға қатысты адамзат баласының сезімдік танымы мен әрекетінің нәтижесінде қалыптасқан мінәжат ету үлгілерін концептуалдық сипатқа ие болатын категория ретінде қарауға болады [1, 43 б.].

«Мінәжат» концептісінің қалыптасуына тілдік материалдар, заттық образдар, діни рәсімдер, этнографиялық ұғым-түсініктер, философиялық пайымдаулар негіз болады. Мысалы, *құлшылық ету, көк тәңірге табыну, құдайдан сұрау*, т.б. әрекеттерде ақиқат өмірден алынған сенсорлық-перцептивті әрекеттер негіз болады. «Мінәжат» концептісі адамзат баласына ортақ әмбебаптық сипатқа ие діни мәнді концепт. Алайда «мінәжат» концептісі қаншалықты жалпы адамзатқа ортақ әмбебап категория болғанымен, қолданыс ерекшелігіне қарай ұлттық мәнділікке ие болады. Әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинаған рухани тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, «мінәжат» концептісінде тек белгілі бір этносқа тән ерекшеліктерді ашатын құндылықтар бар. Бұл құндылықтар әрбір этностың танымы мен тілдік нысандарында алуан түрлі жолдармен кескінделеді. Оларға тән ортақ сипат – мінәжат етудің әр түрлі формадағы өзіндік прагматикалық жолы қалыптасып, тілдік құралдардың көмегімен адам тарапынан әрқилы бағаланады.

Мінәжат – адам баласының қандай да бір тылсым күшке табынуы барысындағы дискурстық әрекеттің өнімі, тілдік туындысы, рәсімдік әрекетінің нәтижесі. «Мінәжат» концептісінің біршама жағдайда діни сипаты басым. Олай болатын себебі мінәжат ету әрекеті адамның қандай да

бір тылсым күшке, құдайға, тәңірге, көкке, т.б. сакральды заттарға табынуы, яки жалбарынуының мистикалық сипаты діни мазмұнға ие болады. Діни мазмұндағы мінәжат ету әрекеттері тілдік поэтикалық мәтіндерді қалыптастырады.

Тіл біліміндегі діни концептілерді қарастыруға бағытталған аксиологиялық зерттеулер көбіне дінге, этнос мәдениетіне қатысты рухани құндылықтарды бағалауға негізделеді. Сол арқылы рухани кеңістікте жоғары бағаланатын идеалдар мен этикалық қағидаттарды айқындайды. Сол себепті «мінәжат» концептісін тіл, мәдениет және дін тұрғысынан қарастыру ұлт болмысы мен адам табиғатын, ділін тереңірек тануға септігін тигізеді.

В.А.Маслова өз зерттеуінде П.П.Гаряев, Г.И.Кочеткова, Л.К.Граудина, С.С.Аверинцев, П.И.Постовалова, А.Ф.Лосьев сынды ғалымдардың тұжырымдарын талдағанда «дін-тіл-мәдениет» арасындағы байланыстың маңыздылығын «адамның ғаламдағы орнының ерекшелігі оның бойында тілдің көмегімен қалыптасқан терең рухани әлемінің болуымен анықталады, ал құндылықтық мағынаға толы рухани дүниелер мен мәдениеттің сакральды өзегін құрайтын құрамдас бөліктер тіл арқылы туындап, қолданысқа еніп, бейнеленеді» деген тұжырым жасайды [2, 175 б.].

Бұл ретте осы зерттеуді этномәдени кеңістікте «тіл-мәдениет-дін» призмасы тұрғысынан зерттеу – белгілі бір ұлттың рухани-материалдық қажеттіліктерінен туындайтын құндылықтарды тілдік құралдардың көмегімен жан-жақты зерттеуге, «мінәжат» концептісінің аксиологиялық бейнесін тануға жолашады. Қазақлингвистикасында «мінәжат» концептісінің рухани аксиологиялық бейнесі арнайы нысан ретінде зерттелмесе де, кейінгі кезде философия, психология, мәдениеттану, әдебиеттану ғылымдарының аясында жан-жақты қарастырылу үстінде. Отандық ғылыми зерттеулерде «мінәжат» концептісіне бағытталған Ғ.Ә.Тұяқбаев, А.Әбдірәсілқызы секілді зерттеушілердің ғылыми мақалаларында мінәжат етудің жекелеген категорияларына қатысты мәселелер зерттеу нысанына алынып, адамның ішкі жан әлеміндегі рухани кеңістіктегі вакуумды ізгілендіру жұмыстары қарастырылған.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Тілдік қолданыста мінәжат етуге бағытталған көптеген тілдік материалдар қалыптасқан. Мінәжат ету әрекетіне негізделген тілдік материалдар қазақ руханиятындағы поэзиялық мәтіндерде жиі кездеседі. Рухани кеңістіктегі кейбір авторлардың шығармашылығының арқауы мен басым бағыты мінәжат етуге негізделеді. Зерттеу жұмысының материалы ретінде Т.Ізтілеуұлы мен А.Шаяхметтің мінәжат жанрындағы өлең-толғаулары арнайы нысан ретінде алынды.

Зерттеу нысаны ретінде қарастырылған тілдік материалдарда

«мінәжат» концептісі арқау болған көркем поэтикалық мәтіндерден картотекалық мысалдар алынды. Осы арқылы:

– біріншіден, ойды жеткізудің бұл формасында әдебиеттану, лингвистика, мәдениеттану мен теология аспектілерінің өзара сабақтастығынан «мінәжат» концептісінің рухани аксиологиялық бейнесін ашуға таптырмас дереккөз болуы себеп болды;

– екіншіден, барша халыққа тілдің қуаты мен көркемдігі ең алдымен поэтикалық мәтін авторларының оқырман санасына ықпал ету әлеуетінің (суггестикалық қуаты) жоғары болатындығы негіз болады.

«Мінәжат» концептісіне қатысты өлең мәтіндерінің семантикалық астарында берілген ойдың мәнінде діни постулаттар мен халықтың ұлттық құндылықтары, діни дәстүрлері мен ұлттық салт-жоралғыларының өзара үйлесімді түрде жеткізілуі авторлардың прагматикалық мақсатына сай, санада қажетті ассоциацияны туындатады.

Қазақ әдебиетіндегі мінәжат жанрындағы көркем мәтіндер астарында діни категориялар басымдыққа ие болады. Соның нәтижесінде көркем мәтін компоненттеріндегі сөз қолданыстардың мағыналық мазмұнында діни және мәдени ұғым-түсініктер рухани құндылықтардың элементтері ретінде айқындалады. «Мінәжат» концептісіне негізделген көркем мәтіндердегі тілдік бірліктердің семантикасына теологиялық, мистикалық, этнографиялық аспектілермен сабақтастырып, лингвистикалық талдаулар жасау арқылы әлемнің бейнесінің діни фрагментін көрсетуге болады. Ол үшін зерттеу жұмысында жинақтау, жүйелеу, сипаттау, талдау, саралау және жалпылау тәрізді жалпы ғылыми әдістермен қатар дистрибуциялық талдау, концептілік талдау, формалды тілдік талдау, тілдік аналогия жасау, тілдік модельдеу әдісі сияқты лингвистикалық әдістер мен тәсілдер кеңінен қолданылады.

Нәтижелер және талқылау

Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісі көптеген этностың діни және рухани практикасында маңызды рөл атқарады. Ол абсолютпен байланыс орнатуда адамның құдайға деген құрметін, бойұсынушылығын, сенімін білдірудің бірден-бір жолы саналады. Мінәжат еткенде адам құдайдан қолдау сұрап, оған сенім білдіреді. Ол абсолютті идеал санап, кемелденуге ұмтылады.

Тылсым күшке мінәжат ету – адамның өзін-өзі тану және рухани тұрғыдан жан әлемін байытудың жолы саналады. Рухани өмірдегі мінәжат әктісі кезінде адам құдайға құлшылық ету арқылы өзінің ішкі дүниесін байытады. Мінәжат ету әктісінде адамның наным-сенімдері, рухани әлемі моральдық тұрғыдан толысады. Соның нәтижесінде адамның «құндылықтар табиғатына ұлттық, таптық және адами, уақытша және мәңгі, табиғи және универсалды құндылықтық категориялардың өзара үйлесімі» орнығады [3, 255 б.].

Тілдегі құндылықтар жүйесінің өзара рухани үйлесу мәнері мен жеке тұлғаның онтологиялық болмысынан этностың мәдениеті мен ділінің бірегейлігі көрінеді. Бұл ретте Т.В.Романованың тұжырымы бойынша «діл – ұзақ уақыт бойы белгілі бір экономикалық және саяси ахуалдан тәуелсіз, ортақ тіл мен тәрбиенің негізінде қоғамның әрбір мүшесінің санасында орныққан этникалық бейімділік, әдет-ғұрыптар мен сезімдерден бастау алатын құндылықтарға сүйенетін ғаламның қарапайым бейнесі әрі қандай да бір халық өмір сүретін аумақта этноментальды кеңістікті құратын этностың рухани мәдениетінің бір бөлігі» саналады [4, 56.]. Сонымен қатар М.В.Стаканчикованың «тіл мәдени құбылыс ретінде түрлі құндылықтар мен бағалау жүйесін айқындайды және тікелей ойлау жүйесімен әрекеттесіп, сол тілде сөйлейтін белгілі бір әлеуметтік мәдени қоғам мүшесін тұлға ретінде қалыптастырып, оның ойлары мен іс-әрекеттеріне қатысты болады» деген тұжырымы мінәжат ету әрекетінің лингвоаксиологиялық болмысын айқындайды [5, 7 б.].

Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісінің аксиологиялық бейнесін лингвистикалық талдау барысында *бағаланатын доминант сөз орамдары, эмоционалды-экспрессивті сөз орамдары, грамматикалық, діни, мәдени-ділдік сипаты* секілді талдау құрылымдарының форумуласы негізінде талдау үлгілері ұсынылады. Мысалы, Т.Ізтілеуұлының:

1. «Бақ қондыр басыма,
Алла ұшпайтұғын,
Етіме асыл кидір ыспайтұғын.
Кең қылып кеуілімді іліміңе,
Сабыр бер, сірә, ішім пыспайтұғын.
Тілімді тірілікте тіпті ұшты қыл,

Сұлулап сөз сабағын ұштайтұғын» [6, 135 б.] – деген поэтикалық мәтінде «бақ, сабыр, шешендік» секілді ұғым-түсініктер тірек болып, Алладан сұрау мен өтіну әрекеті өлең мәтініне арқау болады. Мәтін мазмұнындағы «мінәжат» концептісінің вербалдануының құрылымын былайша көрсетуге болады:

Мәтіндегі бағаланатын доминантты сөз орамдары: «бақ қондыр ұшпайтұғын, асыл кидір ыспайтұғын, сабыр бер іш пыспайтұғын, тілімді ұшты қыл, сөз сабағын ұштайтұғын» деген тілдік бірліктер арқылы вербальданады.

Мәтіндегі эмоционалды-экспрессивті сөздер мен сөз орамдары: «сірә, ішім пыспайтұғын» деген тармақтағы сөз қолданыстары өлеңнің эмоционалды бояуын қоюлатып, автордың көздеген прагматикалық мақсатына жетуіне көмегін тигізеді.

Мәтіннің грамматикалық сипаты: доминантты сөз тіркестерінің басым бөлігінің бұйрық райда беріліп, олардың сипаты анықтауыш қызметін атқаратын сын есімдермен айқындалғандығы, автордың *бақ,*

сабыр дегендей құндылықтардың өмірдегі маңыздылығын көрсетіп, сананың сезімді-ассоциативті бөлігіне әсер етеді.

Мәтіннің діни сипаты: абсолюттен қажеттілігінің орнын толтыруды сұрау/өтіну арқылы автор оның құдіретінің шексіз, бар игілікті өз қолында шоғырландырғанын көрсетеді..

Мәдени-ділдік сипаты: «бақ қондыр, асыл кидір, сабыр бер, тілімді ұшты қыл» деген сөз орамдарынан қазақ халқы үшін бақ-береке, әл-ауқат, төзімділік пен шешендіктің лингвоаксиологиялық маңызды категориялар екендігін көрсетеді. «Кең қылып кеуілімді іліміңе» деген сөйлемнен бұрын және кейін келген сөз орамдарынан материалды және рухани құндылықтардың өзара үйлесуі адамды руханилыққа, білімін толықтыруға қажетті ресурстарының арттыратынын байқатады.

Суггестия тұрғысынан қарастырғанда автордың реципиентке жағдайды өз тұрғысынан баяндауын С.В.Полуйкова коммуникативті стратегиялық деңгейдегі жағдайды суггестордың тұрғысынан қарастыру тәсіліне жатқызады [7].

Бұдан суггестор өлеңде Алладан өзіне қажетті бақ, сабыр, шешендік сияқты құндылықтарды сұрауы арқылы, біріншіден, реципиент санасының жағдайды ойша өзіне шақтап көру процесін іске қосса, екіншіден, олардың қоғам өміріндегі маңызын ойлануға итермелейді.

2. Мінәжат ету барысында автордың концептуалды жүйесі, тезаурустары мәтін арқылы реципиенттің концептуалды жүйесімен өзара қатынасқа түседі. Онда белгілі бір коммуникативтік міндетті шешу үшін автор белгілі бір күштің (құдайдың) алдында өзінің дәрменсіз бейнесін алдын ала жасап алуға мәжбүр болады. Мәселен:

«Иа, Алла, рахым, айла мұсылманға

Сақисың сауға берер ұсынғанға

Кеңшілік кешіктірмей көрсетуші ең,

Өрт қаптап жан-жағынан қысылғанға» [6, 136 б.] – деген

жыр жолдарында лирикалық кейіпкер өз позициясын көрсете келе, мәтіннің мазмұнында шексіз күштің иесі, мұсылман баласының жалғыз жалбарынушысы Алланың қамқорлығын (рахым, кеңшілік) өзі мен оқырманына ой сала жеткізгендігін байқауға болады.

Мәтіндегі бағаланатын сөздер мен сөз орамдары: «рахым, сақи, сауға берер, кеңшілдік, кешіктірмеу» секілді лексикалық единицалар аксиологиялық мәнділікке ие саналады.

Мәтіндегі эмоционалды-экспрессивті сөздер мен сөз орамдары: «сауға берер, қаптау, жан-жағынан қысылған» деген тіркесті сөздердің позитивті және негативті реңкте берілуі арқылы оқырман санасында қажетті ассоциация қалыптастырылады. Автор «қаптау, жан-жағынан қысылу» сөздерін қолдану арқылы адамның ойында кеңшілікке деген зәрулікті бейнелейді. Ал «сауға берер» сөзі арқылы сақи сөзінің мәнін ашып, рахымшылық мен мәрттік сияқты қасиеттерді абсолютке тән қасиеттер

деп көрсетіп, бұл құндылықтардың халық арасындағы идеалды болмысын көрсетеді.

Мәтіннің грамматикалық сипаты: «иа» қаратпа сөзінің қолданылуы тыңдаушы не оқырман назарын аударуға қатысты прагматикалық мақсатты жүзеге асырады. «Берер» деген етістік сауға сөзінің мәнін ашып, сақиға рахымшылықтың тән екенін көрсетіп, реципиентке Алланың қиын жағдайға түсіп араша сұраған мұсылманға көмектесіп келгенін жеткізеді.

Мәтіннің діни сипаты: автор «сақисың сауға берер» деген сөз орамын қолдану арқылы Алланың қиын жағдайға түскен әрбір мұсылманға араша болатын мейірімділігі мен кеңшілдігін жырлаған.

Мәтіннің мәдени-ділдік сипаты: «айла мұсылманға» деген сөз тіркесі қазақ халқы негізінен ислам дінін ұстанғандықтан, Алланың мейірімі мен кеңшілігіне сеніп, қиналғанда оған жалбарынып, араша болуын сұрайтыны байқалады. Мұндай сенім халқымызға тән кеңшілік пен мейірімділіктің белгісі, өйткені бұрындары жолда қалған кісіні құдайы қонақ етіп, далада қалдырмаған. Сол себепті мінәжат етуші әрбір қазақ Аллаға жалбарынғанда оның рахымы мен кеңшілігіне үлкен үміт артады.

3. «Мінәжат» концептісінің астарында жаратушы мен субъект арасындағы диалог, яғни мінәжат ету әрекетінде автордың ақиқат өмір туралы, айнала қоршаған әлеуметтік ақиқат әлем жайлы, олардың санасындағы әлеуметтік психологиялық стереотиптердің бейнесі суреттеледі. Ал мұндағы стереотип дегеніміз мінәжат ету барысындағы ментальды картина түрінде санада тіркелген, бізді қоршаған ақиқаттың фрагменттері, ақиқат дүниенің жеке тұлға санасындағы инварианты іспетті типтік фрагменті ретінде түсінеді. Мәселен, А.Шаяхметтің «Жүргізетін әмірін

Жағыз Алла – Тәңірім!

Бағынарым сол ғана,

Табынарым сол ғана!

Жаратушым – бір Алла

Жарылқаушым – бір Алла!» [8, 22 б.] – деген өлең мәтініндегі адамның жалбарыну формасының бой ұсынғыштық, бір құдайлық үлгісі санадағы ментальды бейнесі нақты образдар (Алла) мен түсініктердің (Тәңірі) стереотиптік ұлттық-ментальды нышаны ретінде беріледі.

Көне түркі мифтік танымында Тәңір жер дүниені жаратушы Аспан-әке бейнесінде беріледі. Ал Алла исламдық мәдениеттің негізінде қабылданған жалғыз жаратушы (оған серік қосуға болмайды) ретінде әдіптеледі. Тәңір мен Алла қазақ дәстүрлі дүниетанымда өзара қатар беріліп келгендігін жоғарыда көрсетілген тілдік материалдар айғақтай түседі. Яғни, этнос санадағы дәстүрлі тарихи стереотиптер мәтін бірліктерінің мазмұнында жарыса қолданылады. Тілдік қолданыстағы «мінәжатты» концепт ретінде қарастырсақ, «мінәжат ету» әрекетін концептуалданудың динамикасы ретінде қарастыруға болады. Яғни, жоғарыдағы мәтіннен этникалық дәстүрлі стереотиптер адресат факторын ескеруде басшылыққа алынады. Көрсетілген мәтіннің концептілік құрылымына тоқталсақ. Ондағы:

Мәтіннің бағаланатын доминантты сөздер мен сөз орамдары: «жалғыз Алла, тәңірім, жүргізетін әмірін, бағынарым, табынарым, жаратушым, жарылқаушым» секілді лексемалар адамның рухани өміріндегі құндылығы жоғары бірліктер ретінде саналады.

Мәтіннің эмоционалды-экспрессивті сөздер мен сөз орамдары: «жалғыз Алла сол ғана, бағынарым, табынарым, жарылқаушым» сөздерінен әрбір мұсылманға эмоционалды сипаты басым, бойұсынғыштық сезімі жоғары бірлік ретінде де танылады.

Мәтіннің грамматикалық сипаты: бағаланатын доминантты сөздер мен сөз тіркестерінің басым бөлігінің бірінші жақта, тәуелділік реңкте қолданылуы өлеңде айтылғандардың автор үшін өте маңызды дүниелер екенін көрсетеді. Сонымен қатар ондағы субъектінің санасындағы аналогия іздеу арқылы айтылғанды өзіне қатысты деп қабылдауға бейімділігін реципиентке әсер ету үшін шебер пайдаланғанын байқауға болады.

Мәтіннің діни сипаты: ислам дінінің негізгі қағидалары Аллаға серік қоспау, тек бір Аллаға сыйынып бағыну қажеттілігі дидактикалық тұрғыдан беріледі.

Мәтіннің мәдени-ділдік сипаты: «жалғыз Алла – Тәңірім» деген қатарда автордың Алла мен Тәңірді бірдей мәнде қолданғаны әлі де халықтың санасында мәдени архетиптік кодтардың сақталғанын көрсетеді. Бұрындары түркілер мінәжат еткенде бір тәңіріне сыйынғаны халық жадысында сақталып, ислам діні қабылдағаннан кейін оны мұсылмандық түсінігіне сәйкестендіріп, Аллаға теңестіре қолданғаны мәдениеттің адам санасында терең тамыр жаятындығын көрсетеді.

4. «Мінәжат» концептісі адамның рухани жан әлемінің көрсеткіші саналады. Адамның рухани жан әлемі діни әлеммен өзара тұтасып, бітісіп кететін кездері де болады. Мінәжат етуді сыртқы тылсым дүниенің алдындағы адамның дәрменсіздігімен қатар, сол тылсым дүниенің сырын ұғынуға ұмтылудан шыққан әрекет ретінде де бағаланады. Мәселен:

«Биік пенен тереңнен
Ой табатын мінәжат,
Тою білмес нәпсіні
Тойтаратын мінәжат.
«Ғафу ет!» деп Аллаға
Айта алатын мінәжат
Сол иманды қайтадан

Қайтаратын мінәжат» [8, 21 б.] – деген жыр жолдарында нақты мінәжаттың концептуалдануын көруге болады.

Мәтіндегі бағаланатын доминантты сөздер мен сөз орамдары: «ой табатын, тойтаратын, қайтаратын мінәжат, иман және тою білмес нәпсі» деген лексемалары руханилық мәнге ие болып, үлкен талғампаздықтың нәтижесінде ғана мәтін жасауға қатысып (таңдалып алынған) отыр.

Мәтіндегі эмоционалды-экспрессивті сөздер мен сөз орамдары: тою

білмес, нәпсі, тойтаратын, ғафу ет, иман. Автор негативті және позитивті реңктегі сөздер мен сөз орамдарын қолдануы арқылы тыңдаушы санасына мінәжаттың қуатын жеткізуді көздеген. Ал иманға келтіретін (қайтаратын) мінәжат деп айтуы арқылы иманның ислам дініндегі басты құндылықтардың бірі екенін көрсетеді.

Мәтіндегі негативті реңктегі сөз орамы: тою білмес нәпсі. Бұл лексемалар мәтін мазмұнында адамды жолдан тайдыратын әрекеттердің тілдегі көрінісі болып саналады.

Мәтіннің діни сипаты: мінәжат адамды нәпсісін тыйып, имандылыққа шақыратын құдайға құлшылық ету актісі саналады.

Мәдени-ділдік сипаты: қазақ халқы мінәжат актісіне үлкен мән-мағына жүктеп, имандылықты адамның рухани болмысын кемелдендіретін қасиеттердің бірі ретінде қарастырған.

Жоғарыда көрсетілген талдаулардан этикалық, әлеуметтік нормалардың барлығы оң баға беруден туындайтыны және қоғамда қалыптасқан нормалардың бұзылу фактілеріне айрықша назар аударылатыны байқалады. Бұл ретте авторлардың (ақындардың) мінәжатқа қатысты өлеңдерінде негативті реңктегі сөздер мен сөз орамдарын қолдануы арқылы оқырманның сана-сезіміне әсер етуге қатысты прагматикалық мақсаттың бар екені анықталады.

Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісіне қатысты көркем мәтіндердің негізінде алынған ақпараттардан адам баласының ғибадат етуі, құлшылығы, жалбарынуы, мойынсұнуы секілді когнитивтік әрекеттердің аксиологиялық мазмұнын байқауға болады. Тілдегі «мінәжат» концептісі өзінің болмысына үлкен концептілік жүйені жинақтаған танымдық бірлік. Ал лингвокогнитологиядағы концептілік жүйеде адамзат баласының ғалам туралы тұтастай аялық білімі беріледі. «Мінәжат» концептісінде адамның әлем туралы ондағы тылсым дүниенің көз жетпес тұңғышына қатысты аялық білімін, этномәдени әлеуметтік ортасын, ондағы атадан балаға дәстүрлі түрде жалғасын тапқан рухани құндылықтары мен этникалық ерекшелігі көрінеді. В.З.Демьянковтың «фрейм азды-көпті конвенционалды қасиетке ие болғандықтан, ол белгілі бір мәдениетке тән және оған жат сипатты нақтылай түседі» деген тұжырымына сүйеніп, қазақ мәдениетіндегі мінәжат концептісінің аксиологиялық бейнесіне осылайша көз жеткізуге болады [9, б. 60].

Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісіне қатысты мәтіндердегі фреймдерді анықтап, талдау барысында түпкі семантикадан гөрі пресуппозицияға жүгінуге де болады. Пресуппозицияның міндеті мәтіндегі слоттардың арасындағы байланысты ашып, нақты сөз бірліктерінің сипатталған жағдаймен қандай қатынаста болатынын анықтауда екенін ескеру қажет. Бұл ретте семантикалық оппозициялардың мәтіндегі фреймдік мазмұнын ашатын бірліктер саналады. Сол себепті интерпретатор фреймнің мазмұнын ашуға қабілетті болып, оны пресуппозицияның

көмегімен айқындауы тиіс. Ч.Филлмор «фреймді ерекше мәнерде бір қалыпқа салынған білім конструкциясы немесе мағынасы схемалы түрде түйінделген тәжірибе» деп атайды [10, б.54]. Яғни, әрбір фреймнің астарында интерпретациялық пласт бар, адамның бір нәрсе, жағдаят пен құбылыстың мәнін ашуы үшін оған қатысты қандай да бір тәжірибесі болуы (ол туралы білуі) шарт. Сол себепті уақыт өте келе лингвист ғалымдар фреймді жіті зерттеп, оны «адамның жадында жинақталған барлық білім қорының өлшемі мен сипаты» деп санай бастады.

Тілдегі ғалам бейнесі сан қырлы әрі оның сипаты да әртүрлі болғандықтан, құбылыстар мен орын алған жағдаяттар, әлем туралы түсініктер санада алуан түрлі бейнелер күйінде сақталады. Әр адамның тәжірибесі тұрғылықты орыны, шыққан тегі мен туған жері сияқты факторларға қарай ерекшеленіп, қандай да бір нақты этностың тарихы, мәдениеті, діні, ділі мен ұжымдық мінәжат актілері сол этносқа тән ортақ тәжірибенің негізінде түзіледі. Мінәжат жанрындағы өлеңдерге фреймдік талдау жүргізу арқылы қарастыру, қазақ халқының санасында «мінәжат» концептісінің қалай бейнеленгенін түсінуге жол ашады. Мәселен, А.Шаяхметтің:

«Көк төсі қаққа айырылып,
Жік шықса жердің астынан,
Қарасақ артқа қайырылып,
Біздерде шығар лас күнә.
Бір Алла бәлкім кешірет
Күнәһар болған пендесін.
Келген нұр көктің төсінен
Ендеше бізді емдесін» [8, 59 б.].

Берілген поэтикалық мәтіндегі фреймдік бірліктерді көрсетуде алдымен автордың мінәжат ету актісіндегі когнитивтік моделін тануға бағыттайды. Мұндағы когнитивтік модель элементтері адам санасындағы ментальды оқиғалардың байланысынан көрінеді. Мәтіндегі Алла фреймінің мәнін ашатын слоттар: «бәлкім кешірет, келген нұр, емдеу» – лексемалары арқылы беріледі. Мәтін мазмұнындағы автордың жағдаятты баяндау мәнерінен күнә жасаған адамды кешіруі ықтимал екені және ол толықтай Алланың күзіретінде болатыны астарлы оймен тұспалданады. Осылайша мінәжат жанрындағы көркем мәтіннен адамның Аллаға мінәжат еткенде жасаған күнәларын кешіруін сұрап, тура жолға салуын, яғни жамандықтан бойын аулақ салуға жетелейді. Автор адамның құдайдан күнәсін кешіргенін күтіп, дертке ем сұрауынан кешірімділіктің қоғамда аса жоғары бағалайтын құндылық екенін, ал Алланың өз бойында қоғамда дәріптелетін барлық жақсы құндылықтарды шоғырландырған абсолют болып табылатынын көрсетеді.

Осы мәселелердің өзара фреймдік сабақтастығы жоғарыда берілген мысалдарда да өз жалғасын былайша тапқандығын байқауға болады. Яғни, Алла фреймінің мәнін ашатын слоттар: «бақ қондыр, асыл кидір,

ілімге кеуілді кең қыл, сабыр бер, тілді ұшты қыл, рахым, айла, сауға берер сақи, қысылғанға кеңшілік көрсетуші» ретінде жасалады. Автордың санасында мінәжат нәпсіні жеңіп, Алладан кешірім сұрау сынды тура жолға салатын әрекеттерді жасау арқылы имандылықты негіздейтін акт ретінде бейнеленген. Жалпы «мінәжат құлшылық пен жалбарыну» деген мағынаны білдіреді [11; 12]. Бұл «мінәжат» концептісінің рухани-аксиологиялық бейнесінің оған берілген жалпы анықтамалардан өзгеше екенін көрсетеді. Ал енді осы екі мағынаны өзара біріктіретін болсақ: мінәжат – адамға нәпсіні жеңіп, Алладан кешірім сұрап жалбарынып, имандылықты қайтару үшін жасайтын құлшылығы, – деген тұжырым туындайды. Ж.А.Ағабекова: «Алла-Тағаланың нақты бейнесі ешкімге көрінбейді, адамдар оған тек намаз арқылы жалбарынып, берілгендіктерін жүректері арқылы білдіреді. Соңғы пайғамбар – Мұхаммед арқылы жеткен Құран Кәрім аяттарында Алланың жалғыз екендігі, оған тең келер ешкімнің, еш нәрсенің жоқтығы көп айтылады» деген тұжырым жасайды [13, б.106].


Адамның құлшылығы Аллаға бағытталғандықтан, мінәжаттың аксиологиялық бейнесі Аллаға тән сипаттар мен қасиеттерден құралады. Т.Ізтілеуұлының көркем туындысында «Аллаға *бақ қоңдыр, асыл кидір, ілімге кеуілді кең қыл, тілді ұшты қыл*» деп жүгінуі, оның құдіретінің шексіз екенін көрсетеді. Ал оның «*сабыр бер, тілімді ұшты қыл*» деген ғибадаттары қазақ қоғамында сабырлылық пен шешендіктің жоғары бағаланатындығын байқатады. Жоғарыдағы мәтіндерде берілген Алланың мұсылманға рахым, айла, сауға берер сақи, кеңшілікті көрсетуші ретінде бейнеленуі мейрімділіктің қазақ қоғамындағы өте маңызды құндылықтардың бірі екенінің белгісі саналады.

Жоғарыда келтірілген мысалдардағы «Жалғыз Алла – Тәңірім!» деген тіркестегі «Тәңір» сөзінің түп семантикалық мағынасы өзге болғанымен, оны «Алламен» теңестіруі бұл семаның бастапқы мағынасымен кейінгі контекстік мағынасының өзара семемалық үйлесімін көрсетеді. Автордың Алланы сипаттағанда қолданған «жалғыз» сөзі мұсылман үшін бір ғана Алланың құдай екенін көрсетсе, бағыну мен табыну етістіктерінен туындаған бірінші жақтағы тәуелдік реңктегі бағынарым мен табынарым семалары бүкіл мұсылман қауымына құдай алдында бойұсынудың маңыздылығын айғақтай түседі. Оның Алланы жаратушым мен жарылқаушым деп атап, жақын тартуы реципиенттердің санасына адамды жаратып, оған мейрімін төгетін жалғыз Алла деген ой салады.

Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісінің поэтикалық мәтіндердегі құлшылық жасау арқылы қалыптасқан бейнелерді тек адам танымындағы көзқарастар арқылы ғана емес, автордың дүниетанымдық түсінігінен туындайтын ассоциациялық бейне арқылы тану – оның фреймдік қатынасының сабақтастығын көрсетеді.

Тілдегі фрейм – бұл элементтері ұғымдық құрылымның жеке бөлігі (сөз, сөз тіркесі, сөйлем) болып табылатын лексикалық қатардан тұрады.

Қарапайым фреймдер бір ғана лексемамен берілуі мүмкін, ал күрделі фреймдер тіркестер немесе сөйлем арқылы танылады. Осыған сәйкес тілдегі «мінәжат» концептісінің фреймдік қатынасының тұтастығы мен аксиологиялық бейнесін төмендегідей кесте арқылы көрсетуге болады.



Сурет 1 – Мінәжат концептісінің аксиологиялық рухани бейнесі

Бұл концептуалдық схема қазақ халқы үшін мінәжат – жаратушысынан әл-ауқатпен қатар бақ, сабыр, шешендік сияқты құндылықтарды сұрап, Алланы ғана жасампаз күш ретінде көру, оған бойұсынып бағыну, ұятты алға тартып, имандылыққа бет бұру, пендесіне рахымды болып, кешірімді болуын күту, жарылқаушысының кеңшілік танытып, мейрімді болғанын тілеуден бастау алатын акт екендігін көрсетеді.

Осы анықтаманың қоғамымыздағы өзектілігі «қазақ халқының адамды әлемдегі құдай жаратқан керемет тіршілік иесі ретінде санайтыны, жер, барлық тіршілік атаулысы, табиғат адамзат қажеттілігін өтеуге қызмет еткендіктен, адам моральдық кейпін сақтап, бүкіл әлем алдында адам болып дүниеге келудің парызын өтеуі тиіс» деген тұжырыммен ұштасады [14, 36 б.]. Адам бүкіл әлем алдындағы парызын тек ғаламды Жаратушыға мінәжат ету арқылы өтей алады. Өйткені адам құдайға жалбарынып, оған сұрауы мен тілеуін айтқанда тәубеге келіп, қоғамдағы қабылданған рухани-моральдық құндылықтарды басшылыққа алады. Сол себепті құндылықты

қоғам мен оның мүшелерінің іс-әрекетін үйлестіретін базалық танымдық норма ретінде қарастырылады.

Қорытынды

Зерттеу барысында адамның мінәжат еткенде сұрау, бағыну, табыну, нәпсіні жену, күту, тілеу сынды әрекеттерді жасағанда, қоғамда қабылданған нормаларға сай өзін оң жолға салатын құндылықтарға арқа сүйейтіні анықталды. Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісінің поэтикалық мәтіндердегі сөз қолданыстар мен негативті реңктегі бірліктер, сөз орамдарының образдылығы бейнеленіп, реципиент назарын қоғамдағы рухани нормалардың бұзылуы адамды дұрыс жолға жетелеп, жақсылыққа бастайтын құндылықтарға бет бұрудың маңыздылығын дәріптейді.

«Мінәжат» концептісінің мазмұны негізінде, адамзат баласының тылсым дүние күштерінің, ішкі психологиялық жан әлемінің алдындағы дәрменсіздігі мен шарасыздығына дем беретін категория екендігі діни рәсімдермен өзара үйлесіп, рухани аксиологиялық сипатқа ие болады. Тұрмыстық өмірдегі этностың мінәжат ету үлгілері – қазақ халқының мәдени-рухани өмірінің айнасы. Олар этностың замандар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпынан, салт-дәстүрінен, тұрмыс тіршілігінен туған наным-сенімінің, өзіндік дүниетанымының бір түрі саналады.

Мінәжат – құлшылық пен тілек мәнді лексикалық қабатты құрап, көне түркі мифологиясынан бастау алып, Тәңірлік сенім мен исламдық дінмен ұласқан тілдік бірліктермен алуан түрлі амал әрекеттердің жиынтығынан тұратын рухани-моральдық категория. «Мінәжат» концептісінің мазмұны негізінде, діни наным-сенімдердің өзара үйлесуі мен үндесуін білдіреді. Мінәжат мазмұнында тек діни наным-сенім ғана емес, ұлттық салт-дәстүрлердің элементтері де басымдық танытып, өзара жарыса қолданылады.

Тілдік қолданыстағы «мінәжат» концептісінің аксиологиялық сипатын бағалау әдісі мен фреймдерді табу арқылы поэтикалық мәтіндерге талдаудың нәтижесінде адамның Аллаға бақуаттылықпен қатар бақ, сабыр, шешендік, бой ұсынғыштық, бір құдайлық, имандылық, ұят, рахым, кешірімділік, кеңшілік, мейрімділік сияқты құндылықтарға ұмтылғандықтан мінәжат ететіні анықталды. Осылайша мінәжаттың жеке тұлғаны, қоғамды, ұлтты, адамзатты моральды және рухани құндылықтарды бағалауға бастайтын коммуникативтік акт, этикалық нормаларға әсерін тигізетін концептілердің қатарынан екендігі дәйектелді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация қолжазбасы.: 10.02.02. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2007. – 330 б.

[2] Маслова В.А. Основы современной лингвистики: курс лекций. – Витебск: ВГУ имени П.М.Машерова, 2018. – 222 с.

[3] Zerkina N. et al. Axiological linguistics and foreign language teaching // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2015. – № 199. – P. 254-260.

[4] Романова Т.В. Идеологемы и аксиологемы русского языкового сознания как отражение констант и динамики национальной ментальности: монография. – Нижний Новгород: ДЕКОМ, 2019. – 120 с.

[5] Стаканчикова М.В. Аксиологический анализ концепта жертвенность в романе Шарлотты Бронте «Джейн Эйр»: Выпускная квалификационная работа. – Уральск: Уральский государственный педагогический университет» Институт иностранных языков, 2017. – 55 с.

[6] Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. – Алматы: Дешті Қыпшақ, 2007. – 588 б.

[7] Полуикова С.Ю. Средства суггестивного речевого воздействия в современном просветительском послании // Вестник Пермского Университета. – 2012. – №3(19). – С. 45-50.

[8] Шаяхмет А. Мінәжат. Өлеңдер. – Астана. Фолиант, 2011. – 504 б.

[9] Демьянков В.З. Теория прототипов в семантике и прагматике языка. http://www.infolex.ru/Prot.html#_Тос32159106 (дата обращения: 20.03.2024).

[10] Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания // НЗЛ. – Вып. 23. – М.: Прогресс, 1988. – С.52-80.

[11] Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 409 б.

[12] Құрманбайұлы Ш., Исақова С., Мизамхан Б. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 338 б.

[13] Ағабекова Ж.А. Қазақ тілінде қалыптасқан араб текті кісі аттарының этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. дисс.: 10.02.02.–Түркістан, 2005. – 131 б.

[14] Kulmanova Z.B., Zhirenov S.A., Mashinbayeva G.A., Abitova Z.S., Babayeva K.S. Reflection of the Religious Worldview in Language // International Journal of Society, Culture and Language. –2022. – № 10(3). – P.31-43.

REFERENCES

[1] Uäli N. Qazaq söz mädenietiniñ teorialyq negızderı [Theoretical basis for Kazakh speech culture] : filologia ğylymdarynyñ doktory дәреjesin alu üşin daiyndalğan disertasia qoljazbasy.: 10.02.02. – Almaty: A.Baitürsynüly atyndağy Tıl bılımi instituty, 2007. – 330 b. [in Kaz.]

[2] Maslova V.A. Osnovy sovremennoi lingvistiki [Fundamentals of modern linguistics]: kurs leksi. – Vitebsk: VGU imeni P.M.Maşerova, 2018. – 222 s. [in Rus.]

[3] Zerkina N. et al. Axiological linguistics and foreign language teaching // Procedia - Social and Behavioral Sciences. – 2015. – № 199. – P. 254-260.

[4] Romanova T.V. Ideologemy i aksiologemy ruskogo iazykovogo soznania kak otrajenie konstant i dinamiki nasionälnoi mentälnosti [Ideologemes and axiologemes of Russian linguistic consciousness as a reflection of the constants and dynamics of the national mentality]: monografia. – Nijni Novgorod: DEKOM, 2019. – 120 p. [in Rus.]

[5] Stakanchikova M.V. Aksiologicheski analiz konsepta jertvenöst v romane Şarlotty Bronte «Jein Eir» [Axiological analysis of the concept of sacrifice in Charlotte Bronte’s novel “Jane Eyre”] Vypusknaia kvalifikacionnaia rabota. – Urälsk: Urälski gosudarstvennyi pedagogicheski universitet» İstitut inostrannyh iazykov, 2017. – 55 s. [in Rus.]

[6] Iztileuily T. Şyğarmalary (Works of Iztileuuly T.) – Almaty: Deşti Qypşaq, 2007. – 588 b. [in Kaz.]

[7] Poluikova S.İu. Sredstva sugestivnogo rechevogo vozdeistvia v sovremennom prosvetitel'skom poslanii [Means of suggestive speech influence in modern educational messages] // Vestnik Permskogo Universiteta. – 2012. – №3 (19). – S.45-50. [in Rus.]

[8] Şaiahmet A. Minäjat. Öleñder. [Prayer.Poems]. – Astana. Foliant, 2011. – 504 b. [in Kaz.]

[9] Demänkov V.Z. Teoria prototipov v semantike i pragmatike yazyka [Prototype theory in semantics and pragmatics of language]. http://www.infolex.ru/Prot.html#_Toc32159106 (data obraşenia: 20.03.2024). [in Rus.]

[10] Fillmor Ch. Freimy i semantika ponimania [Frames and semantics of understanding] // NZL. – Vyp. 23. – M.: Progres, 1988. – S. 52-80. [in Rus.]

[11] Mamyrbekova G. Qazaq tılındegi arab, parsy sözderiniñ tüsındirme sözdıgi [An explanatory dictionary of Arabic and Persian words in the Kazakh language]. – Almaty: Memlekettik tıldı damytu instituty, 2017. – 409 b. [in Kaz.]

[12] Qürmanbaiuly Ş., İsaqova S., Mizamhan B. Qazaq tılıniñ kırme sözder sözdıgi [Dictionary of borrowed Kazakh language]. – Almaty: «Ülttyq audarma bürosy» qoğamdyq qory, 2019. – 338 b. [in Kaz.]

[13] Ağabekova J.A. Qazaq tilinde qalyptasqan arab tektı kısı attarynyñ etnolingvistikalıq sipaty [Ethnolinguistic character of names of Arabic origin, formed in the Kazakh language]: filol. ğyl. kand. diss.: 10.02.02. – Türkıstan, 2005. – 131 b. [in Kaz.]

[14] Kulmanova Z.B., Zhirenov S.A., Mashinbayeva G.A., Abitova Z.S., Babayeva K.S. Reflection of the Religious Worldview in Language // International Journal of Society, Culture and Language. – 2022. – № 10 (3). – P. 31-43.

ДУХОВНО-АКСИОЛОГИЧЕСКИЙ ОБРАЗ КОНЦЕПТА «МОЛЕНИЕ» В ЯЗЫКОВОМ ПРИМЕНЕНИИ

Жиренов С.А. ¹, *Кенжебаева У.Е. ²

^{1,*2} Казахский национальный педагогический университет им. Абая
Алматы, Казахстан

Аннотация: В статье рассмотрен духовно-аксиологический образ языкового концепта «моление» и определены его лингвопрагматический, лингвокультурный аспекты.

Цель исследования – на основе анализа текстов, содержащих моления раскрыть духовно-аксиологический образ концепта «моление» путем определения на какие ценности опирается человек при служении богу.

Во время анализа языковых единиц в стихотворениях, связанных с понятием «моление» при определении особенностей картины мира, характерных для конкретного народа наряду с общенаучными методами как наблюдение, оценка, сбор, систематизация, описание, анализ, дифференциация и обобщение также используются чисто лингвистические методы как дистрибутивный анализ, концептуальный анализ, формальный языковой анализ, языковая аналогия и лингвистическое моделирование. При этом с помощью методов оценки и фреймового анализа были определены значения, характерные для понятия «моление», и создана концептуальная схема ее духовно-ценностного образа.

На основе текстов, относящихся к лингвистическому понятию «моление», рассмотрена лингвокогнитивная природа богослужения и духовного поклонения. Благодаря этому в лингвокогнитивном и лингваксиологическом аспекте изучено ряд сведений об отношении автора текста моления к мировоззрению, культуре, языку и религии казахского народа.

Впервые в ходе исследования на основе концептуальной схемы приводится ценностное определение понятия «моление», полученное в результате анализа языковых единиц.

Практическая значимость исследования: лингвисты, теологи и психологи, студенты, обучающиеся по направлению лингвистика, обращаясь в своих исследованиях к методам и тактикам исследования использованным в статье, могут более детально раскрыть духовный и аксиологический образ различных концептов, раскрыть их определение с ценностной точки зрения и оценить суггестивный потенциал языковых единиц.

Ключевые слова: моление, концепт, язык, культура, ценность, аксиологический образ, этнос, суггестия

SPIRITUAL AND AXIOLOGICAL IMAGE OF THE CONCEPT «PRAYER» IN THE LANGUAGE

Zhirenov S.A.¹, * Kenzhebayeva U.E.²

¹, ^{*2} Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article examines the spiritual and axiological image of the linguistic concept of “prayer” and defines its linguopragmatic and linguocultural aspects.

The research aims to reveal the spiritual and axiological image of the concept of “prayer” through the analysis of texts containing prayers, determining the values upon which individuals rely when serving God.

In analyzing linguistic units in poems related to the concept of “prayer,” features of the linguistic worldview specific to particular communities are determined. In addition to general scientific methods such as observation, assessment, collection, systematization, description, analysis, differentiation, and generalization, purely linguistic methods such as distributional analysis, conceptual analysis, formal language analysis, language analogy, and linguistic modeling are employed. Methods of assessment and frame analysis are also utilized to determine meanings characteristic of the concept of “prayer” and to create a conceptual scheme of its spiritual and value image.

Based on texts related to the linguistic concept of “prayer,” the linguocognitive nature of service to God and spiritual worship is considered. This provides insights into the attitude of the author of the prayer text towards the worldview, culture, language, and religion of the Kazakh people from both a linguocognitive and linguaxiological aspect.

For the first time in the course of the study, a value definition of the concept of “prayer” is provided based on the conceptual scheme obtained through the analysis of linguistic units.

The practical significance of this research lies in its applicability to linguists, theologians, psychologists, and students studying linguistics. By employing the methods and tactics outlined in the article, researchers can delve into the spiritual and axiological image of various concepts, define them from a value perspective, and evaluate the suggestive potential of linguistic units.

Keywords: prayer, concept, language, culture, value, axiological image, ethnos, suggestion

Мақала түсті: 06 сәуір 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Жиренов Саян Аманжолұлы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақ тілі теориясы және оқыту әдістемесі кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: saken82@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4660-0381>

Кенжебаева Улпан Ермаханбетовна – «Лингвистика» мамандығы бойынша докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, e-mail: uli.05@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8251-9572>

Информация об авторах:

Жиренов Саян Аманжолович – кандидат филологических наук, профессор кафедры теории и методики преподавания казахского языка, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: saken82@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4660-0381>

Кенжебаева Улпан Ермаханбетовна – докторант по специальности «Лингвистика», Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан, e-mail: uli.05@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8251-9572>

Information about the authors:

Zhirenov Sayan Amanzholuli – Candidate of Philological Sciences, Professor in Department of Theory and Methodology of teaching Kazakh Language, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: saken82@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4660-0381>

Kenzhebayeva Ulpan Ermakhanbetovna – doctoral student in Linguistics, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: uli.05@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8251-9572>